

Камқоршылық кеңестің кезектен тыс  
отырысының хаттамасы

№ 3

Қаратау қаласы

« 18 » мамыр 2023 жыл

*Қатысқандар:*

Камқоршылық кеңесі төрағасы, мүшелері, шақырылған қонақтар.

*Қатыспағандар:*

Қ. Жолдасов

«Талас жолдары» ЖШС басшысы  
/іс сапарда/

А. Томан

Жастар комитетінің төрайымы  
/Өз еркімен жұмыстан шығуына  
байланысты /

**КҮН ТӘРТІБІ**

1. Қаратау құрылыс—техникалық колледжінің бос тұрған лауазымдық орнына директор тағайындау туралы

**Тыңдалды:** Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының «Қаратау құрылыс-техникалық колледжі» директорының бос лауазымы орнына конкурсқа қатысуға өтініш берген үміткерді Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 21 ақпандағы Мемлекеттік білім беру ұйымдарының бірінші басшылары мен педагогтерін лауазымға тағайындау, лауазымнан босату қағидаларын бекіту туралы» №57 бұйрығының 2-тарау, 9-тармағының 5- тармақшасына сәйкес директор лауазымының бос орнына директор тағайындау туралы отырысы болып өтті. Отырысты камқоршылық кеңесінің төрағасы Қ. Омаров ашып, кеңес мүшелері мен отырысқа қатысушыларды күн тәртібіндегі мәселемен таныстырып өтті.

Бірінші болып сөз алған Тараз сервис және технология колледжі директорының орынбасары, бос тұрған директор лауазымына үміткер Д.Қ. Туменбаев өзінің перспектикалық даму жоспарымен таныстырып өтті.

Даму бағдарламасы 2023-2025 жылдарға арналған даму жоспарына негізделген. 3 жылда атқаратын және күтілетін нәтижелер алынған. Қолжетімді және сапалы техникалық және кәсіптік біліммен қамтамасыз етудің негізгі міндеттерін, кадр сапасын арттыру, білім алушылардың білім мен дағдысын дамыту, білім алушылардың өмір қауіпсіздік шараларын қамтамасыз ету, материалдық-техникалық базаны нығайту, оқу-тәрбие үрдісін цифрландыру, қаржылық тұрақтылық, әлеуметтік серіктестікті дамыту сияқты басымдықтары мен басқару жүйесіндегі 15 күтілетін нәтижесін және мақсатты критерийлерін атап шықты.

Сонымен қатар 4 стратегиялық бағыттарды қалыптастыру мен колледждің білім беру жүйесінің әлеуетін анықтау яғни оның күшті және әлсіз жақтарын/ішкі факторлар/ , оның дамуының перспективалық мүмкіндіктері мен тәуекелдерін /сыртқы факторлар/ анықтау үшін SWOT талдау жүргізілетіндігін, мықты тұстар ең әлсіз тұстарын, мүмкіндіктері мен қауіп-қатерді атап шықты. Ең бастысы ата-аналармен тығыз байланыста болу керектігін айтты.

**Сөйлегендер:** Ильясов Алмас Төребайұлы –Қаратау құрылыс-техникалық колледжі директорының міндетін атқарушы - «Білім беру ұйымына ең керегі білімді басшы, білімді ұстаз ғой. «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» деп тегін айтпаған. Перспективалық жоспарың бойынша жақсы жұмыс істеуіңе тілектеспін. Жұмысыңа табыс тілеймін.



**Абдибекова Айтолқын Серікқызы**- Талас ауданы әкімінің орынбасары, «Жас келсе, іске» деген. Келешекте атқаратын жұмысың, табысты болсын. Колледжді биік шыңдардан көре берейік. Бірігіп жұмыс жасайық.

**Оңалбаев Шарипбек** –«Игілік» көпсалалы кәсіпорын басшысы, «Бүгінгі жасаған перспективалық жоспарыңыз өте тамаша. Өрқашанда жоғарыдан көрініңіз. Колледж ұжымымен бірлесіп жақсы жетістіктермен нәтижелерге жетуіңізге тілектеспін».

**Манатбеков Нұрсултан Жексенбекұлы**- «Жастар ресурстық орталығы» директоры, колледж түлегі - «Бітер істің басына, жақсы келер қасына» демекші бастайын деп отырған ісіңізге абырой берсін. Сізге сәттілік тілеймін!

Қоғамдық кеңес мүшелерінің қатысуымен өткізілген отырыстың

### ШЕШІМІ:

1. Қаратау құрылыс-техникалық колледжінің бос тұрған директордың лауазымына Д.Қ.Туменбаев облыстық білім басқармасына ұсынылсын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:

Мүшесі:


Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:

Мүшесі:



Қ. Омаров

Ш. Оңалбаев

Ғ. Қартабаев

Ж. Өмірзақов

А.Абдибекова

Н. Манатбеков

Ж. Усенова